

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 12 наурыз N 297

ЕСКЕРТУ. Мәтіндегі "сауда" деген сөз "бюджеттік жоспарлау" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1184 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі одан арғы шаралар туралы" 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарымен (келісім бойынша) бірлесіп, жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспары (бұдан әрі - Стратегиялық жоспар) негізінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспарын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін. <*>

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары мен өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) қажеттілігіне қарай Стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарын жыл сайын 20 қаңтарға Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне енгізісін. < * >

3. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі қажеттілігіне қарай Стратегиялық жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстарын жыл сайын 20 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі